

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 шілдедегі N 949 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 24 желтоқсандағы N 1599. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 14 қыркүйектегі N 806 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 14 қыркүйектегі N 806 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 30 шілдедегі N 949 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 32, 299-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Аталған қаулымен бекітілген Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы туралы Ереженің 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік сыйлық екі жылда бір рет 10 атауда беріледі";

Аталған қаулымен бекітілген Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі Комиссия туралы Ереженің 5-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылған жұмыстарды Комиссия екі кезеңде қарайды. Бірінші кезеңде сыйлықтар алу конкурсына қатысатын жұмыстар іріктеледі, екінші кезеңде - Төралқа үш секцияның бірлескен мәжілісінде әрқайсысымен сыйлық беру туралы шешім қабылдайды".

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі